

"Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 сәуірде № 16775 болып тіркелді.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзіне қойылатын техникалық талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін атқарушы*

А. Әжібаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар

"Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 13-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру объектілері – электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым;

2) ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) ақпараттық объектілерінің интеграциясы – деректерді берудің Қазақстан Республикасында пайдаланылатын стандарттық хаттамалары негізінде екі және одан да көп ақпараттық жүйе арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

4) көліктік қолтаңба – АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде веб-сервистер қауіпсіздігі (Web Service Security) ерекшелігін қолданумен жіберілетін хабарламалардың тұтастығы мен авторлығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба;

5) кеңейтілетін белгілеу тілі (eXtensible Markup Language) (бұдан әрі – XML) – құрылымдық және машинада оқылатын форматтағы мәліметтерді сақтау және тасымалдау үшін қолданылатын кеңейтілетін белгілеу тілі;

6) мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы (бұдан әрі – МО БКО) – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына кіретін және ақпараттық қауіпсіздіктің талап етілетін деңгейін сақтай отырып, мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған өзге де ақпараттандыру

субъектілерінің жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;

7) "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) – "электрондық үкімет" шеңберінде мемлекеттік және мемлекеттік емес АЖ интеграциясына арналған АЖ;

8) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі (бұдан әрі – ЭҮСШ) – МО БКО-да тұрған ақпараттық жүйелердің МО БКО-дан тыс тұрған ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған "электрондық үкімет" шлюзінің кіші жүйесі;

9) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) – өзіне бекітіп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылы 29 қаңтардағы № 40 қаулысымен айқындалатын заңды тұлға;

10) HyperText Transfer Protocol Secure кеңейтілген көліктік хаттамасы – қауіпсіздікті арттыру мақсатында шифрациялауды қолдайтын деректерді беру хаттамасы.

2-тарау. "Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу тәртібі

3. ЭҮСШ жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді, ЭҮСШ сервистерін басқару мен мониторингтеуді оператор ЭҮСШ үздіксіз жұмысын, ақпараттандыру объектілерінің үздіксіз өзара іс-қимылын, деректердің тұтастығын және оларды қорғауды қамтамасыз ету, ақпараттандыру объектілерінің өзара іс-қимылы кезіндегі қателіктерді пысықтау жолымен жүзеге асырады.

4. МО БКО-дан тыс орналасқан АЖ-нің ЭҮШ интеграциясы ЭҮСШ арқылы жүзеге асырылады. ЭҮСШ МО БКО-дан тыс орналасқан АЖ-нің HTTPS хаттамасы бойынша серверлер арасында XML хабарламаларды беру арқылы жүзеге асырылады. ЭҮСШ АЖ-нің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді және ол арқылы өзара іс-қимыл жасайтын АЖ-нің ішкі архитектурасына тәуелді.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың 48-тармағына сәйкес ЭҮСШ арқылы АЖ өзара іс-қимылы ақпараттарды криптографикалық қорғауды қамтамасыз етеді.

6. МО БКО тыс тұрған АЖ-мен өзара іс-қимыл кезінде көліктік қолтаңбаны тексеру ЭҮСШ-те орындалады. ЭҮСШ көліктік қолтаңбасы уақыт белгісін қамтымайды.

7. ЭҮСШ тәуелділік режимде жұмыс істейді, ақпараттандыру объектілері ЭҮСШ тарапынан жоспарлы және жоспарлы емес жұмыстары бар технологиялық үзілістерді

қоспағанда, хабарламаларды тұрақты негізінде қабылдайды. ЭҮСШ-дағы жоспарлы жұмыстар айына екі реттен көп емес жүргізіледі, ал жоспарлы емес жұмыстар ЭҮСШ-да тоқтаусыз жаңарту қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің міндетін
атқарушысының
2018 жылғы 29 наурыздағы
№ 124 бұйрығына
2-қосымша

"Электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзіне қойылатын техникалық талаптар

Ақпараттық жүйелер арасында деректермен алмасу мынадай техникалық талаптарға сәйкес болуы қажет:

Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҚР ҰКО) берген Secure Sockets Layer-сертификатын (сокеттің қорғалған деңгейі) (бұдан әрі – SSL) пайдалана отырып, HyperText Transfer Protocol Secure (қауіпсіздікті арттыру мақсатында шифрлауды қолдай отырып, деректерді беру хаттамасы) (бұдан әрі – HTTPS) кеңейтілген көліктік хаттамасы. HTTPS хаттамасындағы деректер SSL немесе Transport Layer Security (көліктік деңгейді қорғау хаттамасы) криптографиялық хаттамаларының үстінен беріледі;

Simple Object Access Protocol өзара іс-қимыл хаттамасы (ақпараттық жүйелерді интеграциялау кезінде хабарламалар беру үшін XML-ге негізделген объектілерге қол жеткізудің жай хаттамасы) (бұдан әрі – SOAP);

веб-тәсілдер мен олардың параметрлеріне арналған берілетін eXtensible Markup Language деректерінің форматы (құрылымдық және машинада оқылатын форматтағы деректерді сақтау және тасымалдау үшін пайдаланатын кеңейтілетін белгілеу тілі) (бұдан әрі – XML);

WSDL Web Services Description Language сипаттау тілі (XML тілінде негізделген веб-сервистерді және оларға қол жеткізуді сипаттайтын тілі);

электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылатын, деректер құрылымдарын сипаттауға арналған XML Schema definition XSD тілі (XML құжаттың құрылымын сипаттайтын тіл);

ЭЦҚ қол қойылған XML-файлының құрылымы "XML-Signature Syntax and Processing" World Wide Web Consortium консорциумының (Дүниежүзілік топ консорциумы, Дүниежүзілік торға арналған технологиялық стандарттарды әзірлейтін және енгізетін ұйым) (синтаксис және XML қолтаңбасын өңдеу) ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс;

ҚР ҰКО берген Web Service Security (веб-сервистердің қауіпсіздігі, SOAP веб-сервистері арасында хабарламалармен алмасу кезіндегі қауіпсіздік функцияларын қолдану стандарты) қолдана отырып, жүйелердің ЭЦҚ;

Деректерді беру үшін Transmission Control Protocol (деректерді беруді басқаруға арналған интернет деректерін берудегі негізгі хаттамалардың бірі) / Internet Protocol (цифрлау түрінде ұсынылған деректерді берудің желілік моделі) көліктік хаттамасы қолданылады);

Virtual Private Network-туннелімен (екі тораптың ақпаратымен алмасуға арналған виртуалды жекеменшік желісі) ЭҮСШ арқылы өзара іс-қимыл жасау.